Ы.Алтынсарин атындағы мектеп – гимназиясы базасындағы тірек мектебі (РО)

2022 – 2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының есебі

Тәрбие жұмысының 2022-2023 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып тәрбиенің жылдық жоспары құрылды. Мектебімізде 19 сынып жетекші бар. Жоспар негізінде төмендегі жұмыстар іске асырылды.

Дәстүрлі Республикалық **«Мектепке жол»** акциясы 1 тамыз – 31 қыркүйек аралығында өтті. Жоспарға сай 27 оқушыға –**772232 (жеті жүз жетпіс екі мың екі жүз)** теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді.

1 қыркүйек Білім күніне орай **«Сәлем саған сүйікті, алтын ұя мектебім!»** атты салтанатты жиын өтті. 1-11 сыныптарға **«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»** атты тақырыптық білім сабақтары үлкен дайындықпен өткізілді.

2022 жылы 1 қыркүйегінде Шет ауданының ПБ тергеу ісі жөніндегі орынбасары полиция мойоры Жунусов Ақият Бурханович кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 10-11 сынып оқушыларына **«Құқықтық жалпы оқыту»** республикалық акция аясында кездесу өткізді.

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күніне және Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған іс шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша барлық іс – шаралар өз мәнінде ұйымдастырылды.

Жоспар бойынша **«Денсаулық фестивалі»** аясында 4-11 сыныптар арасында шағын футбол, күзгі кросс, үстел теннисі, асық ату, волейбол, баскетболдан жарыстар ұйымдастырылды. Жарыстың қорытындысы бойынша оқушылар марапатталды.

Ұстаздардың кәсіби мерекесіне орай **«Ұстаз – мектептің жүрегі»** атты онкүндіктің жоспары құрылып, бекітілді. **«Ұстаз – мектептің жүрегі»** атты онкүндік бойынша барлық іс – шаралар толығымен атқарылды.

«Мен мамандық әлеміндемін» атты оқушылармен психологиялық тренингтер жоспар бойынша өткізіліп тұрады.

Мектебімізде нәзік жандар, әсем арулар тақырыбына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес **«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі»** тақырыбында қыздар жиналысы жоспар бойынша өткізіледі.. Күн тәртібіне сәйкес барлық мәселелер қаралады, таныстырылады, түсініктеме жұмыстар жүргізіледі.

1 қазан – Қарттар күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.

1990 жылдың 25 қазаны күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен "Қаз ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы" декларация қабылданды. Сол сәттен бастап егеменді Қазақстан еңсесі биік, терезесі тең жеке мемлекет ретінде танылы бастады. Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналды. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздеріміз бекітілді. 25 – қазан Республика күніне арналған іс – шаралар жоспары құрылып, бекітілді. 25 қазан – Республика күніне арналған жоспар бойынша барлық іс – шаралар өз мәнінде ұйымдастырылды.

1-10 сынып оқушылар арасында **«Сыбдыры сұлу – Алтын күз»** атты жоспарға сәйкес мерекелік іс – шара өткізілді. Барлық сыныптар тақырыпқа сай жоғары дайындықпен келді. Жауапты сынып жетекшілер: 6 «А, Б» Алимкулова А.М., Сагындыкова А.Ж. және 9 «А, Б» Базылова А.Е., Болтекеева Ф.Ш.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік іс – шаралар жоспары құрылып, бекітілді.

Мақсаты: Тәуелсіздік тұғырының биік шыңына жетелейтін оқиғаларға толы тарих беттеріне шолу жасау. 30 жыл бойы жеткен ҚР жетістіктері. Оқушыларды Отанды, елді, жерді сүюге туған ел тарихын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу.Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, өз ана тілін, әдет – ғұрпын, салт – дәстүрін сақтай білуге патриоттық сезімге тәрбиелеу. Әрбір жеке тұлғаның еркін сөйлеп, өз пікірін, ойын айта білу қабілетін дамыту.

Тәуелсіздік мерекесіне орай **«Өнегелі өмір»** жобасы аясында **«Ұстаздық қызмет – ұлы қызмет»** атты сыр сұқбат өткізілді. Қай заманда болсын ұстаздарға

құрмет жоғары болған, әлі де бола бермек. Ұстаздық жолда аянбай қызмет жасап, халықтың баласына сапалы білім мен саналы тәрбие берген ұлағатты ұстазымыз ҚР Білім беру ісінің үздігі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Қарағанды облысы бойынша үздік еңбегі сіңірген құрметті зейнеткер ұстаз, ақ жаулықты әже Абдрахманова Манап Қарашолққызымен сыр сұқбат өткізілді. Жүйрік уақыттың ұшқыр қанатымен аяулы ұстазымыз Манап апай сексеннің сеңгіріне жетіп отыр. Мектеп директоры Д.Б.Бакаев ұжым атынан Манап апайды 80 жас мерейлі тойымен құттықтап, ыстық лебізін білдірді. Мектеп оқушыларының дайындаған сұрақтарына қарт ұстаз тарапынан өте әсерлі жауап алынды. Ұстазды мерей тойымен құттықтауға Шет ауданы Білім бөлімінің басшысы Е.Ж.Смағұл, Шет ауданы әкімінің орынбасары Ә.Р.Рысқалиұлы, Шет ауданы аналар кеңесінің төрайымы Г.К.Ахметова және аналар кеңесінің мүшесі Х.Б.Абитаева арнайы келді. Сонымен қатар Манап мұғалімнің білім нәрімен сусындатып, тәлім - тәрбие берген шәкірттері арнайы келіп құттықтап, сый - сыяпаттарын табыстады. Кездесу өте әсерлі өтті. Жауапты: Базылова А.Е.

Бүкілдүниежүзілік ЖИТС – пен күрес аясында мектептің жұмыс жоспарына сәйкес мектеп медбикесі Тугельбаева Венера Мұратқызы 8 – 11 сынып оқушылары арасында «АИТВ – ғасыр дерті» атты тақырыпта дәріс өткізілді. Шет ауданы полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің кәмелет жасқа толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция капитаны Ж.Т.Айтуова және Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полция аға лейтенанты С.Е.Көшкінбаева кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу туралы кешенді дәріс ұйымдастырылды.

Жоспар бойынша барлық ашық тәрбие сағаттары жоғары денгейде өткізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл» Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы тақырыпта «Адалдық сағаты» өткізілді. Білім алушылар арасында Қарағанды облыстық **«Әнет баба»** мешітінің нәиб имамы Нұржігіт Оразұлымен түсірілген бейнеролик көрсетілді. Мектеп оқушыларына қазіргі таңда белең алып

тұрған жемқорлықтың зияны, оның себептері мен заң алдында қатаң жауапкершілігі жайында ақпараттар берілді.

«Электрондық темекі (вейп) денсаулыққа өте қауіпті», нашақорлықты болдырмау, алдын алу тақырыптарда дәріс өткізілді. Дәріске 5-10 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты: Қоғамдағы өзекті мәселенің бірі темекі туралы, оның құрамы, адам ағзасына тигізер зияны туралы дерек келтіре отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуға, темекіге үйір болмауға тәрбиелеу. Жауапты: мектеп психологы А.К.Жақсыбекова, мектеп медбикесі **В.М.Тугельбаева**

1 - 11 сыныптар арасында **«Қош келдің Жаңа жыл – жаңа белес, жаңа арман»** атты жасыл шырша мерекесі өз деңгейінде өтті.

Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО) жанындағы интернат мұғалімдері мен оқушыларының ұйымдастырылған барлық іс – шараларға белсене қатысады.Өткізілген шаралардың барлығы әлеуметтік желіге салынды.

Директор Д.Б.Бакаев

Орындаған:М.Е.Ерикова
Тел:21-6-94